

**«Ақтөбе облысының білім басқармасы Мәртөк ауданының білім болімі»  
мемлекеттік мекемесінің «Қаратаясай жалпы орта білім беретін мектебі»  
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің кезектен тыс қамқоршылық кеңесінің  
№3 хаттамасы**

25.09.2024 ж.

Қаратаясай ауылы

Катысқандар саны - 18 адам

Шақырылғандар: -8 (өзін-өзі бағалау комиссия мүшелері)

### **КҮН ТӘРТІБІ**

1.« Қаратаясай жалпы орта білім беретін мектебі» КММ директоры  
А.Б.Биектмировтың мектепте өзін-өзі бағалау жұмысын жүргізу қорытындысы  
туралы есебін тындау.

#### **ТЫНДАЛДЫ:**

##### **1. А.Муканова - қамқоршылық кеңесінің төрағасы**

Бұғынгі күн тәртібіне қойылған мәселе бойынша таныстырып, Қаратаясай жалпы орта білім беретін мектебінде 2024 жылдың 02 қыркүйек – 20 қыркүйек аралығында өзін-өзі бағалау жұмысы жүргізілгенін атап өтті. Мектептің өзін-өзі бағалау нәтижелерімен таныстыруға сөзді мектеп директоры А.Б.Биктемировке берді.

#### **СӨЙЛЕУШІ:**

**А.Б.Биктемиров -өзін-өзі бағалау комиссиясының төрағасы, мектеп директоры**

Қазақстан Республикасы Оқу-агарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы «Білім беру үйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» № 486 бүйірігінің 2- тарау 3-тармағының 1,2- тармақшаларына сәйкес Қаратаясай жалпы орта білім беретін мектебінің кезектен тыс өткізілген №1 педагогикалық кеңесінің шешімімен 2024 жылдың 02 қыркүйек – 20 қыркүйек аралығы өзін-өзі бағалау кезеңі деп танылып, өзін-өзі бағалау жүргізу үшін жоспар құрылды. Жоспарға сәйкес комиссия құрамы бекітіліп, комиссия мүшелері арасына тапсырмалар белініп берілді. Өзін-өзі бағалау кезінде білім беру қызметіндегі нормативтік –құқықтық актілермен жеке қолданыстағы құқықтық актілер зерделенді. Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйымдарының қызметін бағалауға арналған өлшемшарттарына сәйкес бағалау парагы толтырылып, білім беру қызметтерін көрсету сапасына «жаксы» деген қорытынды берілді. (слайдпен бағалау парагы көрсетілді) Мектептің қызметіне өзін-өзі бағалау барысында педагог кадрлардың тиісті бейінін анықтайтын құжаттарының үлесі, біліктілік санаттары бойынша үлес пайызы, біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесі, мемлекеттік тіркеу тізіліміне сәйкес жабдықтармен және жиназбен жарактандырылуымыз, ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін жасалған жағдайлар, оқу- әдістемелік кешендермен қамтамасыз етуіміз сәйкестігі бағаланды. Мектеп педагогтары мен 4-9 класс білім алушыларының ата-аналарынан және мектеп алды даярлық класының тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне ата-аналардың пікірін білу үшін, сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін

жағдайдың жасалу деңгейін анықтау үшін педагогтерден онлайн сауалнамалар алынды. Сонымен қатар, білім, білік және дағды сапасын бағалау үшін 4,9 класс оқушыларынан онлайн форматында тест алынды. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта жалпы білім беретін оку бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйымдарының қызметін бағалауға арналған өлшемшарттарына сәйкес жоғарыдағы көрсетілген мазмұнда бағалау парагы толтырылып, білім беру қызметтерін көрсету сапасына «ұздік» деген қорытынды берілді. (слайдпен бағалау парагы көрсетілді).

Қамқоршылық кеңесінің мүшесі А.Муканова мектеп қызметіне жүргізілген өзін-өзі бағалау жұмыстарына қанағаттанатынын, «Мектепте соңғы үлгідегі Сенсорлық тақталардың аздығы сөзге тиек етті», сонымен қатар мұғалімдердің біліктілік санатының деңгейін көтеру керек екенін ескертті.


Мектеп директоры А.Биктемировке қойылған ескертулер бойынша А.Мукановаға қазіргі таңда 2024 жылдың қыркүйек айында Берг Е.Н. бастауыш санын мұғалімі мен Синенко А.С. биология пәнінің мұғалімі педагог-модератор санатын, Ажгалиева А.Г. география пәнінің мұғалімі және Куницкая Е.В. көркем еңбек пәнінің мұғалімі педагог-сарапшы санатарын тағайындалғаны туралы айтты.


Қамқоршылық кеңесінің төрағасы А.Муканова өзін-өзі бағалау жұмыстарының берілген қорытындысын қолдайтындығын, ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін ғимараттағы жағдайлар жасау керектігін атап өтті.

Мектеп директоры А.Биктемиров бұл мәселенің күн тәртібінде тұрғандығын айтты.

**Күн тәртібіне қойылған мәселе толық тыңдалып, талқыланып  
ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Мектеп басшысының өзін-өзі бағалау жөніндегі есебінің нәтижелері «ожақсы» деп бағалансын.
2. Қаратаясай ЖОББ мектебінің өзін-өзі бағалау жұмысының қорытынды анықтамасы мектептің интернет-ресурсында уақытылы жариялансын.
3. Қамқоршылық кеңесінің шешімі мектептің интернет-ресурсында жариялансын.

Кеңес төрағасы:  Муканова А.Е.  
Хатшы:  Куницкая Г.О.

Кеңес мүшелері:  Левченко И.Г.  
 Зубенко Т.Ю.  
 Мамедов Р.Г.  
 Молочлы М.М.  
 Кинас Ю.Б.  
 Фанагей Н.И.